



ҚАУЛЫ

2025 жылғы 18 қыркүйек
Өскемен қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ *233*
город Усть-Каменогорск

**Ауылдық елді мекендер түлектерінің жоғары оқу орындарында оқуына
облыс әкімінің мақсатты білім гранттарын берудің кейбір мәселелері
туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес және «Шығыс шақырады» қоныс аударуды қолдаудың өңірлік жоспарын қабылдау туралы» Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2025 жылғы 29 тамыздағы № 216 қаулысын орындау үшін Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасымен, экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасымен және пилоттық аудандардың әкімдіктерімен бірлесіп, «Шығыс шақырады» қоныс аударуды қолдаудың өңірлік жоспарын іске асыру шеңберінде ауылдық елді мекендердің түлектеріне жоғары білім алуға мақсатты білім беру гранттарын қоса беріліп отырған тәртіпке сәйкес беруді қамтамасыз етсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасарына жүктелсін.

**Шығыс Қазақстан облысының
әкімі**



Н. Сақтағанов

AD

Жүсіп

Еркін

003484

**Ауылдық елді мекендер түлектерінің жоғары оқу орындарында
оқуына облыс әкімінің мақсатты білім беру гранттарын беру тәртібі**

1. Осы тәртіп «Шығыс шақырады» қоныс аударуды қолдаудың өңірлік жоспарын (бұдан әрі – Өңірлік жоспар) іске асыру шеңберінде облыс әкімінің ауылдық елді мекендер түлектеріне жоғары білім алуға 200 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде мақсатты білім беру гранттарын беру бойынша шараларды ұйымдастыру мен қаржыландыруды айқындайды.

2. Осы бөлімде келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

1) Өңірлік жоспарға қатысушыларға арналған Шығыс Қазақстан облысы әкімінің мақсатты білім беру гранты – пилоттық аудандарда мектеп бітірген жастарға (бұдан әрі – үміткер) мектеп немесе техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын (бұдан әрі – ТжКБ) бітіргеннен кейін облыстың жоғары оқу орындарында жоғары білім алуға төлем жасау үшін білім беру грантын тағайындау туралы куәлікті бере отырып, беру Шығыс Қазақстан облысының пилоттық аудандарында 3 жыл жұмыс істеу шартымен берілетін мақсатты ақша сомасы;

2) білім беру грантын алуға үміткердің орта мектепті бітіргені туралы аттестаты (11-сынып түлегі) немесе орта арнайы білім туралы аттестаты (ТжКБ ұйымының түлегі) болуы тиіс;

3) бір білім алушыға тиісті оқу жылына арналған білім беру грантының мөлшері 200 айлық есептік көрсеткіштен аспауы тиіс; гранттардың жыл сайынғы саны – 80, оның ішінде пилоттық аудандар бойынша:

- Катонқарағай ауданы – 20 грант;
- Марқакөл ауданы – 20 грант;
- Самар ауданы – 10 грант;
- Тарбағатай ауданы – 30 грант.

4) білім беру гранты тағайындалғаны туралы электрондық форматтағы куәлік – қатысушының деректері көрсетілген, білім беру басқармасы ұсынатын қағаз түріндегі құжат.

3. Облыс әкімінің білім беру гранттары келесі салалар бойынша мамандықтарға бөлінеді:

- педагогика ғылымдары;
- өнер және гуманитарлық ғылымдар;
- әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат;
- бизнес, басқару және құқық;
- жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика;
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;
- инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары;

- ауыл шаруашылығы және биоресурстар;
- қызмет көрсету;
- бизнес және басқару.

4. Облыс әкімінің білім беру гранттары ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) бойынша кемінде 50 бал жинаған үміткерлер арасында бал санына қарай және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 25 тамыздағы №443 бұйрығының талаптарына сәйкес бөлінеді. *(Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 31 тамызда № 33345 болып тіркелді).*

5. Облыс әкімінің білім беру гранттарын алуға үміткерлер жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін түлектерге түрлі әлеуметтік көмек көрсетуді көздейтін өзге мемлекеттік бағдарламалардың қатысушылары болмауға тиіс.

6. Облыс әкімінің білім беру грантын алу үшін үміткер пилоттық аудандағы аудандық білім бөлімшесіне облыс әкімінің білім беру грантын алу туралы өтінішпен (1-қосымшаға сәйкес) жүгінеді.

7. Өңірлік бағдарламаға қатысушыларының тұрғылықты жеріндегі аудандық білім бөліміне өтініш беру мерзімі – 2026 жылдың 10 шілдесінен 31 шілдесіне дейін және келесі жылдарда да сол уақыт аралығында.

8. Өтінішке үміткер төмендегі құжаттардың көшірмелерін қоса тіркейді:

- 1) осы тәртіпке 1-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
- 3) орта білім туралы аттестат немесе цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (сәйкестендіру үшін); техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары (ТЖКБ) ұйымдарының түлектері үшін – орта арнайы білім туралы аттестат немесе цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

4) Денсаулық сақтау министрінің № 907 бұйрығымен бекітілген 086-У нысанындағы денсаулық жағдайы туралы анықтама, денсаулық жағдайы туралы анықтаманың көшірмесі грант бөлу туралы шешім қабылданғаннан кейін ұсынылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 28 шілдедегі № 230 «Білім туралы құжаттарды тану қағидаларын, сондай-ақ білім туралы құжаттары Қазақстан Республикасының аумағында танылатын шетелдік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар танылады *(Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 2 тамызда № 33219 болып тіркелді).*

Шетел тіліндегі құжаттар қазақ немесе орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармасымен бірге ұсынылады.

9. Егер үміткердің отбасында орта білім туралы немесе арнайы орта білім туралы аттестаты бар бірнеше бала (қамқорлықта) болса, олардың барлығы облыс әкімінің білім грантын алу құқығына ие болады.

10. Қатонқарағай, Марқакөл, Самар, Тарбағатай аудандарының білім бөлімдері грант алуға үміткерлердің тізімін жасап, үміткерлердің құжаттар пакетін халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі аудандық комиссиясының (бұдан әрі – аудандық комиссия) қарауына 1 шілдеге дейін ұсынады.

11. Аудандық комиссияның отырысы туралы хабарландыру конкурсты өткізуден 10 (он) күн бұрын аудандық білім бөлімінің және пилоттық аудандардағы ауыл/ауылдық округ әкімдігінің ресми интернет-ресурсында жарияланады.

12. Аудандық комиссия білім грантын алуға үміткерлердің құжаттарын 10 (он) жұмыс күні ішінде қарастырып, шешім қабылдайды.

Аудандық комиссияның хатшысы аудандық комиссияның шешімін халықты жұмыспен қамту мәселелері бойынша Өңірлік комиссияның отырысында бекіту үшін 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынады.

13. Облыс әкімінің білім грантын алуға үміткерлердің тізімін бекітуді халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі Өңірлік комиссия (бұдан әрі – Өңірлік комиссия) жүзеге асырады.

14. Өңірлік комиссия үміткерлердің құжаттарын 10 (он) жұмыс күні ішінде қарап, шешім қабылдайды.

Өңірлік комиссияның отырысы офлайн режимінде өтеді және техникалық құралдардың көмегімен бейнетаспаға жазылады.

15. Өңірлік комиссияның хатшысы облыс әкімінің білім грантын алуға үміткерлерді қабылданған шешім туралы 3 (үш) жұмыс күні ішінде байланыс құралдары - ұялы телефон және WhatsApp хабарламалары арқылы хабардар етеді.

16. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы өңірлік комиссияның шешімінің көшірмесін, білім грантын алуға оң қорытынды алған үміткерлердің тізімімен бірге, қабылдау-тарату актісі арқылы 3 (үш) жұмыс күні ішінде облыстың білім басқармасына және пилоттық аудандардың әкімдіктеріне электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы береді.

17. Пилоттық аудан әкімдігі өңірлік комиссияның алынған шешімі негізінде бағдарламаға қатысушы болған үміткерге осы тәртіпке 2-қосымшаға сәйкес тиісті оқу жылына жоғары оқу орнына оқуға жолдама береді.

18. Білім басқармасы өңірлік комиссиясының шешімі негізінде аудан әкімдігі, студент және жоғары оқу орнының ректораты арасында үшжақты шарт жасайды.

19. Білім басқармасы тиісті ауданның жалпы білім беретін мектептерінің түлектері үшін – оқу жылының алдындағы жылдың соңына дейін білім беру грантын алу шығындарын өтеу үшін экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасына бюджеттік өтінім береді.

20. Бағдарламаға қатысушы жоғары оқу орнында толық оқуды аяқтағанға дейін оқуын тоқтатқан және пилоттық ауданда жоғары оқу орнын

бітіргеннен кейін 6 ай ішінде жұмысқа орналасудан бас тартқан жағдайда білім беру грантының қаражатын қайтарады.

21. Оқыту процесінің мониторингі білім бөлімдеріне және пилоттық аудандардың әкімдеріне бірлесіп жүктеледі және жоғары оқу орны түлегінің үшжақты шарт талаптарын орындауын бақылауды қамтамасыз етеді.

22. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы, білім басқармасы Катонқарағай, Марқакөл, Самар, Тарбағатай аудандарының әкімдіктерімен бірлесіп, жоғары оқу орнын аяқтағаннан кейін жоба түлектерін жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етеді.

23. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-108/2020 бұйрығымен бекітілген «Әлеуметтік маңызы бар аурулардың тізбесін бекіту туралы» тізбеге кіретін аурулар себебінен және де еңсерілмейтін мән-жайлар (түлектің қайтыс болуы және т.б.) туындаған жағдайда, білім беру грантының қаражаты қайтарылуға жатпайды.

Управление координации занятости и социальных программ Восточно-Казахстанской области

Облыс әкімінің ауылдық елді
мекендердің түлектеріне жоғары
оқу орындарында оқу үшін
мақсатты білім беру гранттарын
беру тәртібіне
1-қосымша

Ауданның білім бөлімінің басшысы

басшының аты- жөні, тегі (бар болса)

тұрғылықты жері

мекен-жайы бойынша тұратын

қатысушының аты- жөні, тегі (бар болса)

ӨТІНІШ

Мені «Шығыс Шақырады» өңірлік қоныс аударуды қолдау жоспарының қатысушылары - жалпы білім беретін мектептердің бітірушілеріне арналған Шығыс Қазақстан облысы әкімінің білім беру грантын алуға үміткерлер қатарына қосуыңызды сұраймын.

Өтінішке білім беру гранттарын беру тәртібінің 8-тармағына сәйкес құжаттар ____ парақта қоса беріледі:

Күні 20 ____ жылғы

« ____ » ____
қолы

(кесу сызығы)

Азамат (ша) ____ өтініші

20 ____ ж. « ____ » ____ қабылданды, № ____ тіркелді

Құжатты қабылдап алушының аты-жөні, тегі (бар болса), лауазымы мен қолы: ____

Күні 20 ____ жылғы

« ____ » ____

қолы

* ұсынылған құжаттардың растығына өтініш беруші жауапты.

Облыс әкімінің ауылдық елді
мекендердің түлектеріне жоғары
оқу орындарында оқу үшін
мақсатты білім беру гранттарын
беру тәртібіне
2-қосымша

№ ____ оқуға жолдама

Аудандық (қалалық) деңгейдегі білім беру саласындағы жергілікті
атқарушы орган/ аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық
округтің әкімі _____

(әкімдік атауы)

Аудандық комиссияның шешіміне сәйкес, 20 ____ жылғы қоныс аударуды
қолдаудың _____ Өңірлік _____ жоспарына _____ қатысушы

_____ қатысушының аты-жөні, тегі (бар болса)
жоғары _____ кәсіби _____ білім _____ алу _____ үшін

_____ ЖОО атауы, мекен-жайы, байланыс телефоны
оқуға жібереді.

Аудандық деңгейдегі білім бөлімінің басшысы

_____ басшының аты-жөні, тегі (бар болса)

Берілген күні

_____ қолы

Мөр орны

(кесу сызығы)

**Білім беру саласындағы ЖАО қайтарылады
№ жолдамаға хабарлама**

_____ жоғарғы оқу орнының атауы
20 ____ жылғы қоныс аударуды қолдаудың Өңірлік жоспарының қатысушысы

_____ қатысушының аты-жөні, тегі (бар болса)
20 ____ жылғы _____ № ____ бұйрыққа сәйкес 20 ____ жылғы _____

_____ (мамандық атауы)
жоғарғы білімін алу үшін қабылданды
Білім беру ұйымының жауапты өкілі

_____ аты-жөні, тегі (бар болса)



ҚАУЛЫ

18 сентября 2025 года

Оскемен қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 233

город Усть-Каменогорск

**О некоторых вопросах предоставления целевых образовательных грантов
акима области выпускникам сельских населенных пунктов для обучения
в высших учебных заведениях**

В соответствии с пунктом 2 статьи 27 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и во исполнение постановления Восточно-Казахстанского областного акимата № 216 от 29 августа 2025 года «О принятии Регионального плана поддержки переселения «Шығыс шақырады», Восточно-Казахстанский областной акимат **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Управлению образования Восточно-Казахстанской области, совместно с управлением координации занятости и социальных программ, управлением экономики и бюджетного планирования и акиматам пилотных районов, обеспечить предоставление целевых образовательных грантов на получение высшего образования выпускникам сельских населенных пунктов, в рамках реализации Регионального плана поддержки переселения «Шығыс шақырады», в соответствии с прилагаемым порядком.

2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на первого заместителя акима области.

Аким
Восточно-Казахстанской области



Н. Сактаганов

003485

Приложение
к постановлению Восточно-
Казахстанского областного акимата
от «18» сентября 2025 года № 233

**Порядок предоставления целевых образовательных грантов акима
области выпускникам сельских населенных пунктов для обучения
в высших учебных заведениях**

1. Настоящий порядок определяет организацию и финансирование мер по предоставлению целевых образовательных грантов акима области выпускникам сельских населенных пунктов, для получения высшего образования в размере 200 месячного расчетного показателя (далее – МРП), в рамках реализации Регионального плана поддержки переселения «Шығыс шақырады» (далее – Региональный план)

2. В данном разделе используются следующие основные понятия:

1) целевой образовательный грант акима Восточно-Казахстанской области для участников Регионального плана – целевая сумма денег, предоставляемая молодежи из числа завершивших обучение в школах пилотных районов (далее – претендент), для оплаты высшего образования в высших учебных заведениях области, после окончания школы или организации технического и профессионального обучения (далее – ТиПО), с выдачей свидетельства о присуждении образовательного гранта, на условиях последующей отработки в пилотных районах Восточно-Казахстанской области в течение 3 лет после окончания высшего учебного заведения;

2) претендент на получение образовательного гранта должен иметь аттестат о среднем школьном образовании (выпускник 11 класса) или аттестат о среднем специальном образовании (выпускник ТиПО);

3) размер образовательного гранта не может превышать 200-месячного расчетного показателя на одного учащегося в соответствующем учебном году; ежегодное количество грантов – 80, в том числе по пилотным районам:

- Катон-Карагайский район – 20 грантов;
- район Марқакөл – 20 грантов;
- район Самар – 10 грантов;
- Тарбагатайский район – 30 грантов;

4) свидетельство о присуждении образовательного гранта в электронном формате – бумажный документ с данными участника, предоставляемый управлением образования.

3. Образовательные гранты акима области выделяются на специальности по следующим отраслям:

- педагогические науки;
- искусство и гуманитарные науки;
- социальные науки, журналистика и информация;

- бизнес, управление и право;
- естественные науки, математика и статистика;
- информационно-коммуникационные технологии;
- инженерные, обрабатывающие и строительные отрасли;
- сельское хозяйство и биоресурсы;
- услуги;
- бизнес и управление;

4. Образовательные гранты акима области распределяются среди претендентов, набравших на экзамене по Единому Национальному тестированию не менее 50 баллов, и распределяются по «балльности» в соответствии с требованиями Приказа и.о. Министра науки и высшего образования Республики Казахстан от 25 августа 2023 года № 443 (зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 31 августа 2023 года № 33345).

5. Претенденты на получение образовательных грантов акима области не должны быть участниками других государственных программ, предусматривающих получение различных видов социальной помощи для выпускников высших учебных заведений после завершения обучения.

6. Для получения образовательного гранта акима области претендент обращается в районный отдел образования пилотного района с заявлением на получение образовательного гранта акима области по форме, согласно приложению 1.

7. Сроки подачи заявления в районный отдел образования по месту жительства участников Регионального плана – с 10 по 31 июля 2026 года и последующие годы.

8. К заявлению претендент прикладывает копии следующих документов:

- 1) заявление по форме согласно приложению 1 к настоящему порядку;
- 2) документ, удостоверяющий личность либо электронный документ из сервиса цифровых документов (для идентификации);
- 3) аттестат о среднем образовании либо электронный документ из сервиса цифровых документов (для идентификации); для выпускников ТиПО – аттестат о среднем специальном образовании либо электронный документ из сервиса цифровых документов (для идентификации);
- 4) справка о состоянии здоровья по форме 086-У, утвержденной Приказом № 907 министра здравоохранения, копия справки о состоянии здоровья предъявляется после принятия решения о выделении гранта претенденту.

Документы об образовании, выданные зарубежными организациями образования, признаются в порядке, установленном приказом исполняющего обязанности Министра образования и науки Республики Казахстан от 28 июля 2023 года № 230 «Правила признания документов о среднем, техническом и профессиональном, послесреднем образовании, которые признаются на территории Республики Казахстан» (зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 2 августа 2023 года № 33219).





Документы на иностранном языке представляются с нотариально удостоверенным переводом на казахском или русском языках.

9. Если в семье претендента имеются несколько детей (опекаемых), имеющих аттестат о среднем образовании либо аттестат о среднем специальном образовании, то все они имеют право на получение образовательного гранта акима области.

10. Районные отделы образования Катон-Карагайского, Марқакөл, Самар, Тарбагатайского районов подготавливают список претендентов на получение гранта и формируют пакет документов претендентов на рассмотрение районной комиссии по вопросам занятости населения (далее – районная комиссия) не позднее 1 июля соответствующего года.

11. Объявление о заседании районной комиссии публикуется за 10 (десять) календарных дней до проведения конкурса на официальном интернет-ресурсе районного отдела образования и акимата села/поселка пилотных районов.

12. Районная комиссия рассматривает документы претендентов на получение образовательного гранта в течение 10 (десяти) рабочих дней и выносит решение.

Секретарь Районной комиссии передает решение районной комиссии для утверждения на заседании Региональной комиссии по вопросам занятости населения в течение 3 (трех) рабочих дней.

13. Утверждение списка претендентов на получение образовательных грантов акима области осуществляется Региональной комиссией по вопросам занятости населения (далее – Региональная комиссия).

14. Региональная комиссия рассматривает документы претендентов в течение 10 (десяти) рабочих дней и выносит решение.

Заседание Региональной комиссии проходит в оффлайн режиме и фиксируется с помощью технических средств видеозаписи.

15. Секретарь Региональной комиссии оповещает претендентов на получение образовательных грантов акима области о принятом решении в течение 3 (трех) рабочих дней посредством средств связи: сотовой, WhatsApp-оповещения.

16. Управление координации занятости и социальных программ передает копию решения Региональной комиссии со списком претендентов, получивших положительное заключение на получение образовательного гранта, в управление образования области в течение 3 (трех) рабочих дней по акту приема-передачи и в акиматы пилотных районов по системе Электронного документооборота.

17. Акимат пилотного района, на основании полученного решения Региональной комиссии, выдает направление претенденту, ставшему участником программы на обучение в высшее учебное заведения на соответствующий учебный год, согласно приложению 2 к настоящему порядку.

18. Управление образования на основании полученного решения Региональной комиссии заключает трёхсторонний договор между районным акиматом, студентом и ректоратом высшего учебного заведения.

19. Управления образования подают бюджетную заявку в управление экономики и бюджетного планирования для возмещения расходов на получение образовательного гранта для выпускников общеобразовательных школ соответствующего района – до конца года, предшествующему году обучения.

20. Участник программы возвращает средства образовательного гранта в случае прекращения учебы до окончания полного обучения в высшем учебном заведении, и отказа от трудоустройства в течение 6 месяцев после окончания высшего учебного заведения в пилотном районе.

21. Мониторинг процесса обучения возлагается на отделы образования совместно с акимами пилотных районов и обеспечивают контроль за исполнением условий трехстороннего договора выпускником высшего учебного заведения.

22. Управление координации занятости и социальных программ, управлению образования совместно с акиматами Катон-Карагайского, Марқакөл, Самар, Тарбағатайского районов обеспечивают трудоустройство выпускников проекта, после завершения высшего учебного заведения.

23. В случае возникновения непреодолимых обстоятельств (смерть выпускника и т.п.), а также по причине заболеваний, входящих в перечень, утвержденный приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от 23 сентября 2020 года № ҚР ДСМ-108/2020 «Об утверждении перечня социально значимых заболеваний», средства образовательного гранта не подлежат возврату.



Приложение 1 к порядку
о предоставлении целевых
образовательных грантов акима
области выпускникам сельских
населенных пунктов для
обучения в высших учебных
заведениях

Руководителю отдела образования района

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя
от _____,

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) участника
проживающего по адресу:

Адрес проживания

ЗАЯВЛЕНИЕ

Прошу включить меня в число претендентов на получение образовательного гранта акима Восточно-Казахстанской области для выпускников общеобразовательных школ – участников Регионального плана поддержки переселения «Шығыс Шақырады».

К заявлению прилагаются документы согласно пункту 8 Порядка предоставления образовательных грантов на _____ листах:

Дата "___" _____ 20___ года

подпись

(линия отреза)

Заявление гражданина (ки) _____
принято "___" _____ 20___ г. зарегистрировано за № _____

Фамилия, имя, отчество (при его наличии), должность и подпись лица,
принявшего документы: _____

Дата "___" _____ 20___ года

подпись

*за достоверность представленных документов несет ответственность
заявитель







Приложение 2 к порядку
о предоставлении целевых
образовательных грантов акима
области выпускникам сельских
населенных пунктов для
обучения в высших учебных
заведениях

Направление на обучение № _____

Местным исполнительным органом в области образования районного (городского) уровня / акимами городов районного значения, сел, поселков, сельских округов _____

(наименование акимата)

на основании решения районной Комиссии, направляется для обучения участник Регионального плана поддержки переселения в 20____ году

_____ фамилия, имя, отчество (при его наличии) участника

в _____

_____ наименование ВУЗа, адрес, контактный телефон

для получения высшего профессионального образования.

Руководитель отдела
образования районного уровня

_____ Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя

_____ Дата выдачи

_____ подпись

Место печати

(линия отреза)

Возвращается в МИО образования

Уведомление к направлению № _____

_____ наименование организации высшего образования
сообщает, что участник Регионального плана поддержки переселения в 20____ году

_____ Фамилия, имя, отчество (при его наличии) участника
_____ 20____ года в соответствии с приказом от _____ 20____ года
№ _____ зачислен на получение высшего образования

_____ (наименование профессии)

Ответственный представитель организации образования

_____ Фамилия, имя, отчество (при его наличии) подпись


